# "Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің 2012 - 2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 наурыздағы № 414 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1812 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 238 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.04.2015 № 238 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы Қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 62-бабының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің 2012 – 2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 наурыздағы № 414 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 41, 550-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің 2012 – 2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

«Ағымдағы жағдайды талдау» деген 2-бөлімнің «Қазақстандық спорттың әлемдік спорт аренасында бәсекеге қабілеттілігін арттыру» деген 2-кіші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстандық спорттың әлемдік спорт аренасында бәсекеге қабілеттілігін арттыру

Реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері

Пекинде өткен 2008 жылғы XXIX жазғы Олимпиада ойындарында 13 олимпиадалық наградаларға ие болдық, оның ішінде 2 алтын, 4 күміс және 7 қола медаль, бұл бейресми есепте Қазақстанға жалпы командалық 29-орынды қамтамасыз етті.

Жеңіп алынған медальдардың жалпы саны бойынша бұл Қазақстан

құрамасының 1996 жылдан бастап қатысқан барлық кезеңдердегі (Атланта, АҚШ , 1996 жыл – 11 медаль; Сидней, Австралия, 2000 жыл – 7 медаль; Афины, Грекия, 2004 жыл – 8 медаль) үздік жетістігі болып табылады.

2010 жылы қазақстандық спортшылар Ванкувердегі (Канада) XXI қысқы Олимпиада ойындарына қатысты. Он екі жылдық үзілістен кейін қысқы Олимпиадада күміс медальға қол жеткізілді. Олимпиадада өнер көрсету қорытындылары бойынша 7 қазақстандық атлет әлемнің мықты спортшыларының алғашқы ондығына кірді.

2011 жылғы Әлем чемпионатында, Әлем кубоктерінде, Азия чемпионаттарында, Еуропа чемпионаттарында және спорт түрлерінен халықаралық турнирлерде 797 медаль, оның ішінде 236 алтын, 262 күміс, 299 қола медаль, сонымен катар олимпиадалық емес спорт түрлерінен әлем чемпионаттарында 67 медальдары, 18 алтын, 22 күміс, 27 қола медаль ұтып алынды.

2010 жылы Қазақстанның жастар құрамасы тұңғыш рет Сингапурдағы 1-ші жазғы Жасөспірімдер Олимпиада ойындарына қатысты, оның қорытындылары бойынша 2 алтын, 2 күміс, 2 қола медальды иеленді, 204 елдің ішінде 3500 спортшы қатысқан жарыста 24-орынға ие лік етті.

2011 жылғы 7-ші қысқы Азия ойындарына қатысудың қорытындылары бойынша Қазақстан құрамасы 32 алтын, 21 күміс және 17 қола награда ұтып алды, Азия ойындарының рекордын белгілей отырып, бірінші орынды жеңіп алды.

Қабылданған шаралардың арқасында барлық облыс орталықтарында және Астана мен Алматы қалаларында спортшыларды даярлау бойынша кезең-кезеңмен және жүйелі жұмыс қамтамасыз етілді.

Бүгінгі күні олимпиадалық резерв даярлау орталығының 17-сі жұмыс істейді, онда 1265 спортшы спорттық шеберлігін арттырады, 8 республикалық мамандандырылған олимпиадалық даярлау орталығында 984 спортшы өзінің спорттық шеберлігін арттырады және орталықтың 95% спортшысы Қазақстан ұлттық құрама командаларының негізгі, жастар немесе жасөспірімдер құрамасына кіреді.

2007 – 2011 жылдар кезеңінде мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесін жетілдіру жөнінде шаралар қабылданды.

2007 – 2011 жылдар аралығында мемлекеттік бағдарламаны іске асыру кезеңінде республикада 16 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі (БЖСМ) құрылды.

Бүгінгі күні 418 БЖСМ-да 256 мыңнан астам бала немесе оқушылардың жалпы санының 10,6%-ы айналысады.

Сонымен қатар, болашағынан үміт күттіретін 2988 оқушы оқитын спортта

дарынды балаларға арналған 11 өңірлік мектеп-интернат және жалпы саны 1191 адамды қамтитын 4 республикалық мектеп-интернат ашылды.

Негізгі проблемаларды талдау

Қазақстандық спорттың әлемдік спорт аренасындағы оң үрдістерімен қатар, бірқатар проблемалар да бар.

1. Материалдық-техникалық базаның және спорт инфрақұрылымының төмен деңгейі:

1) қазіргі жұмыс істеп тұрған олимпиадалық даярлық орталықтары мен олимпиадалық резервті даярлау орталықтарындағы жоғары жетістіктер спортының өзіндік материалдық-техникалық базасы жоқ;

2) республикалық олимпиадалық даярлық орталықтары мен өңірлік олимпиадалық резервті даярлау орталықтарының өзіндік спорттық базалары жоқ. Спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың және жоғары спорт шеберлігі мектептерінің спорттық базалары да талаптарға сәйкес келмейді.

Жоғары спорт шеберлігі мектептерінің проблемалары да осындай – оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастыру жеткілікті қаржыландырылмайды, соның салдарынан жоспарланған жарыстар мен жиындарды өткізуге, үй-жайларды жалдауға қаражат жетіспейді.

Жұмыс істеп тұрған спорт ғимараттарының басым көпшілігі техникалық пайдалану жөніндегі жетілдірілген нормативтер мен талаптарға, халықаралық регламенттерге және жарыстар мен оқу-жаттығу үдерісін өткізу қағидаларына сәйкес келмейді.

2. Балалар мен жасөспірімдер спортының нашар дамуы. Бүгінгі күнге дейін салалық спорт клубтарын құру мәселелері шешілген жоқ. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің желісі қазіргі уақытта республиканың мектеп жасындағы балаларының 10,6%-ы ғана айналысуға мүмкіндік тудыра алады. Төмен деңгейдегі материалдық-техникалық база, сапалы спорттық мүкәммал мен жабдықтың болмауы спорт резервін жоғары деңгейде дайындауды ұйымдастыруға мүмкіндік бермейді.

3. Қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін ғылыми базаның болмауы, білікті мамандар тапшылығы:

1) спорт саласында білікті мамандардың өткір жетіспеуі байқалады. Жоғары шеберлік спортында республиканың жетекші жаттықтырушыларының көпшілігі орта жаста, ал олардың орнын толық ауыстыратын мамандар жоқ. Сонымен қатар, ауылдық жерлердегі жалпы білім беру мектептерінің 3%-ы дене шынықтыру пәні мұғалімдері жоқ, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің жаттықтырушы-оқытушы құрамының 30%-ы арнаулы білімі жоқ;

2) спорттық ғимараттарды техникалық пайдалану мамандары жоқ, жоғарғы оқу орындары түлектерінің дайындық деңгейі қазіргі заманғы талаптарға жауап

бермейді.

Спорт саласы жоғары бәсекелі болып табылады және оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастыру, спортшылардың функционалдық және физикалық мүмкіндіктерін арттыру, оларды оңалту және қалпына келтіру әдістемесіндегі қазіргі заманғы барлық жаңа әзірлемелер стратегиялық материалдар болып табылады, оларды басқа елдерден иелену мүмкін емес.

Отандық жаттықтырушылар Бүкілодақтық дене шынықтыру ғылыми-зерттеу институты 1983 – 1985 жылдары әзірлеген бағдарламалар мен әдістемелер бойынша жұмыс істейді. Әлемдік аренадағы спортшылар бәсекелестігінің артуына байланысты спорт бойынша мамандардың одан әрі әдістемелік және практикалық қызметі, сонымен қатар бұқаралық спортты және жоғары жетістіктер спортын жалпы дамыту елде өзінің ғылыми базасын құрмай қиынға түседі. Сол себепті республиканың спорт мектептерінде спорт түрлерінен бірыңғай оқу бағдарламаларын енгізу мүмкін болмай отыр, ал ол спорт резерві мен халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлаудың жүйелі жолын қамтамасыз етуге кедергі келтіреді.

Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау

Ел ішіндегі жағдайды бағалау халықаралық аренада қазақстандық спортшылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін елдегі халықтың дене тәрбиесі жүйесі мен спорттың дамуын жетілдіруді куәландырады, бұл нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруге, саланың материалдық-техникалық базасын нығайту мен дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі факторлық жағдайларды бағалау спорт резервін және халықаралық дәрежедегі спортшыларды жетілдіру, дене шынықтыру мен спортты насихаттау жөніндегі шаралардың қабылданғанын растайды.

Сонымен қатар, саланы дамытуға сыртқы факторлардың ықпал етуі әлемдік аренада артып келе жатқан спортшылардың бәсекесімен сипатталады, бұл отандық спортшылардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін уақтылы шараларды қабылдауды талап етеді.

Сонымен қатар, дене шынықтыру мен спортты дамытудың халықаралық тәжірибесі төмендегіні растайды.

1978 жылғы Халықаралық дене тәрбиесі және спорт хартиясына сәйкес кейінгі енгізілген толықтырулармен бірге түрлі елдер әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылысының ерекшеліктеріне байланысты саланы дамытуды мемлекеттік реттеуді айқындайды, атап айтқанда қандай да бір белгілер бойынша кемсітусіз бұқаралық спортпен айналасуға қол жеткізу және спорт ғимараттарының желісін құру.

Сонымен, жақын және алыс шетелдерде саланың даму тәжірибесі бұқаралық спорт, жоғары жетістіктер спорты, мүгедектер спорты, спорттық

инфрақұрылымды дамыту, мамандар даярлау негізгі бағыттары бойынша жүзеге асырылады.

Жоғары дәрежелі спортшыларды даярлаудың негізін қалаушы спорттық жаттығуларда қазіргі заманғы ғылыми технологияларды пайдалану, сондай-ақ даярлық әдістемесін үнемі жетілдіру болып табылады және елде отандық спорт ғылымының дамуы әлі күнге дейін күрделі проблема күйінде қалып отыр. Республиканың жаттықтырушы-оқытушылар құрамы көбінесе «кеңестік» кезеңде әзірленген әдістемемен жұмыс істейді, көпшілігі спортшыларды жаттықтыру мен қалпына келтірудің қазіргі заманғы әдістерін меңгермеген.

Финляндияда спорт ғылымымен айналасатын ұйымдардың тікелей мемлекеттік қаржыландыруға заңдық тұрғыдан танылған құқығы бар. Бұл ретте дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды даярлаудағы оқу уақытының кемінде 20%-ы ғылыми ізденістерге арналады. Бұған қоса, мемлекет спорт пен дене шынықтыру жаттығулары саласында ғылыми зерттеулер жүргізілетін кез келген меншік нысанындағы ұйымды қолдайды.

Мысалы, АҚШ-та мектептік, студенттік және бұқаралық спорт толығымен жергілікті биліктің құзыретінде болып табылады. Канада, Франция, Италия, Финляндия және басқа да бірқатар елдерде балалар мен жасөспірімдердің және студенттер спорты шығыстарының негізгі үлесін жергілікті бюджет қаржыландырады. Финляндия мен Норвегияда спортқа бөлінген ақша аударымының 80%-ы жалпыға ортақ пайдаланылатын спорт объектілерін салуға және балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуға бағытталады. Бізде керісінше : 80%-ы шеберлер командасына және тек 20%-ы ғана балалар спортына бөлінеді. Елдің спорттық жүйесі балалар спортына басымдықпен құрылуға тиіс.

Мекемелерде, ұйымдарда және халықтың тұрғылықты жері бойынша дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруда күрделі проблемалар бар. Ұйымдар экономикалық тұрғыдан орынсыз деген себеппен спорттық және сауықтыру объектілерін ұстаудан бас тартады, дене шынықтыру және спорт мамандарын қысқартады.

Бүгінгі күні бүкіл ел бойынша тек 662 балалар мен жеткіншектер клубы жұмыс істейді, ведомстволық спорт қоғамдарының жұмыс тәжірибесі жоғалған, дене шынықтыру-сауықтыру қызметінің құны қымбаттауда. Талдау көрсеткендей, бағасы жоғары болғандықтан, жастардың көпшілігі спорттық-сауықтыру қызметіне қол жеткізе алмайды.

Спорт инфрақұрылымының тұрақты өсу үрдісі байқалғанына қарамастан, негізінен республика бойынша, әсіресе ауылдық жерде спорт ғимараттарының саны жеткіліксіз болып отыр. 7000 ауыл мен кентте 21 238 ғимарат бар, оның ішінде 13943-і, яғни 65,8%-ы жазық ғимараттарды (спорт алаңдарын, алаңдар т.б ) құрайды және тек 8,0%-ы ғана (1712 бірлік) жабық спорт кешендері жұмыс

і с т е й д і .

Бүкіл ел бойынша жұмыс істейтін 7 мыңнан астам спорт залының 89%-ы жалпы білім беру мектептерінде, бұл ретте олар спорттық мүкәммалмен жеткіліксіз жабдықталған және қолданыстағы техникалық пайдалану талаптарына сәйкес емес. Дене шынықтыру және спортты басқару органдарының деректері бойынша спорт залдары мен алаңдарының 40%-ы ағымдағы немесе күрделі жөндеуді талап етеді.

Мысалы, Ресей Федерациясында бес жылдық кезеңге спорт объектілерінің құрылысы, бұқаралық қозғалысты дамыту, жоғары дәрежелі спортшыларды дайындау және т.б. жөнінде мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың бірлескен шараларының кешендерін көздейтін саланы дамытудың федералдық нысаналы бағдарламасы бекітіледі.

Инфрақұрылымды дамытуға 3 000-нан астам спорт және көп функционалды спорт залының, 1 000 спорт орталығының құрылысы кіреді. Ресейде және ТМД елдерінде де бірінші кезектегі мемлекеттік міндеттер болып дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтардың үлесін арттыру, спорт инфрақұрылымымен қамтамасыз ету, спортшылардың спорттағы шеберліктерін арттыру болып табылады.»

«Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері:» деген 3-бөлімде:

«Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген 1-кіші бөлімде:

«Дене шынықтырумен және спортпен айналысу арқылы қазақстандықтардың саламатты өмір салтын қалыптастыру, лотерея қызметін реттеу және ойын бизнесі саласындағы бақылау» деген 1-стратегиялық бағытта:

«Елде бұқаралық спортты дамыту, лотерея қызметін реттеу және ойын бизнесі саласындағы бақылау» деген 1.1-мақсатта:

Нысаналы индикаторда мына:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3. Мемлекеттік органдар қабылдайтын шешімдердің айқындығы | Дүние жүзілік экономикалық форум ның дерек тері | орын | 75 | 53 | 46 | 45 | 44 | 43 | 43 |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3. Мемлекеттік органдар қабылдайтын шешімдердің айқындығы | Дүние жүзілік экономикалық форум ның дерек тері | орын | - | 53 | 32 | 32 | 32 | 32 | 32 |

»;

«Адамдарды күн сайын дене шынықтыру-сауықтырумен айналысуға тарту» деген 1.1.1-міндетте:

тікелей нәтижелер көрсеткіштерінде мына:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. Оқушылардың жалпы санынан білім беру ұйымдарындағы спорт секциялары қызметімен қамтылған орта білім беру ұйымдарындағы оқушылардың үлесі | Әкімшілік есепке алу, ведомстволық статистикалық дерек тер | % | 21,5 | 22,0 | 22,5 | 23,0 | 24,0 | 25,0 | 25,5 |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. Оқушылардың жалпы санынан спорт секцияларында айналысатын орта білім беру ұйымдарындағы оқушылардың үлесі | Әкімшілік есеп , ведомств олық статисти калық деректер | % | 21,5 | 22,0 | 22,5 | 23,0 | 24,0 | 25,0 | 25,5 |

»;

мына:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2. Оқушылардың жалпы санынан спорт секциялары қызметімен ЖОО-дағы оқитындардың қамтылуы | Әкімші лік есепке алу, ведомстволық статистикалық деректер | % | 23,0 | 24,0 | 25,5 | 26,5 | 27,5 | 28,5 | 29,5 |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2. Оқушылардың жалпы санынан спорт секцияларында айналысатын ЖОО-дағы оқитындардың үлесі | Әкімші лік есеп , ведомств олық статисти калық деректер | % | 23,0 | 24,0 | 25,5 | 26,5 | 27,5 | 28,5 | 29,5 |

»;

мына:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5. Жоспарланған іс-шаралардың жалпы санынан үкіметтік емес ұйымдарды (ҮЕҰ) тартумен өткізілген спорттық-бұқаралық іс-шаралар үлесі | Әкімші лік есеп | % | 35,0 | 40,0 | 45,0 | 50,0 | 55,0 | 60,0 | 65,0 |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5. Өткізілген іс-шаралардың жалпы санынан үкіметтік емес ұйымдарды (ҮЕҰ) тартумен өткізілген спорттық-бұқаралық іс-шаралар үлесі | Әкімші лік есеп | % | 35,0 | 40,0 | 45,0 | 50,0 | 55,0 | 60,0 | 65,0 |

»;

тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шараларда мына:

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 7. Дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін салу | | | | х | |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 7. Дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін салу | | | | | х |

»;

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10. Сабақтан тыс уақытта мектеп оқушыларына арналған спорт секцияларының жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасау | | х | | | |
| 11. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде халыққа арналған бұқаралық-спорттық іс-шараларды ұйымдастыру жөнінде дене шынықтыру және спорт саласындағы жергілікті атқарушы органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастықтың жаңа нысандары бойынша шараларды іске асыру | | | х | | |
| 12. Мамандандырылған телевизия арнасында ағарту мақсатында спорттық іс-шаралар туралы ақпарат беруді ұйымдастыру | | х | | | |
| 13. Алматы қаласындағы Универсиада-2017 қарсаңында спорттық (студенттік) клубтар құру жөнінде шаралар қабылдау | | х | | | |

»;

«Қазақстандық спорттың әлемдік спорт аренасында бәсекеге қабілеттілігін арттыру» деген 2-стратегиялық бағытта:

«Жоғары жетістіктер спортын дамыту» деген 2.1-мақсатта:

«Қазақстандық спортшылардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету

жөніндегі шараларды күшейту» деген 2.1.1-міндетте: тікелей нәтижелер көрсеткішінде мына:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2. Білікті спортшылардың (спорт шеберлері) жалпы санынан халықаралық деңгейдегі спорт шеберлері санының үлесі | Әкімшілік есеп | % | 15,0 | 20,0 | 25,0 | 28,0 | 30,0 | 32,0 | 32,5 |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2. Білікті спортшылардың (спорт шебері) санының өсуі | Әкімшілік есеп | % | - | 25,4 | 27,0 | 28,0 | 29,0 | 32,1 | 33,7 |

»;

мына:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3. Халықаралық жарыстарға қатысқан спорт мектептеріндегі, мектеп-интернаттардағы, колледждердегі оқушылардың үлесі | Әкімшілік есеп | % | 8,9 | 19,4 | 24,3 | 25,6 | 26,1 | 26,3 | 26,5 |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3. Халықаралық жарыстарға қатысқан спорт мектебінде және олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждеріндегі оқушылардың үлесі | Әкімшілік есеп | % | 8,9 | 19,4 | 24,3 | 25,6 | 26,1 | 26,3 | 26,5 |

»;

мына:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4. Спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар түлектерінің жалпы санындағы спорт шеберлігіне кандидат, спорт шебері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативтерін орындаған түлектердің үлесі | Әкімшілік есеп, ведомстволық статистикалық деректер | % | 18,8 | 19,1 | 19,4 | 19,7 | 20,0 | 21,0 | 21,3 |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4. Жалпы түлектер санынан спорт шеберіне кандидат, спорт шебері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативтерін орындаған Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері түлектерінің үлесі | Әкімшілік есеп, ведомстволық статистикалық деректер | % | 18,8 | 19,1 | 19,4 | 30 | 31 | 33 | 34 |

»;

тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шараларда: мына:

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 7. Спорт объектілерін салу және қайта жаңғырту | x | x | x | | |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 7. Спорт объектілерін салу және қайта жаңғырту | x | x | x | x | |

»;

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 9. Ойын спорты түрлерінен қазақстандық командалардың шетел чемпионаттарының жоғары лигаларында қатысуы | | x | | | |

»;

«Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту» деген 4-бөлімде:

«Мемлекеттік органның стратегиялық бағытының, мақсатының және міндеттерінің атауы» деген 2-бағанда:

реттік нөмірі 15-жолдағы «стандарттарын» деген сөзден кейін «және регламенттерін 2013 жылға қарай» деген сөзбен толықтырылсын.

«Ведомствоаралық өзара іс-қимыл» деген 5-бөлімде:

«Дене шынықтырумен және спортпен айналысу арқылы қазақстандықтардың саламатты өмір салтын қалыптастыру, лотерея қызметін реттеу және ойын бизнесі саласындағы бақылау» деген 1-стратегиялық бағытта:

«Елде бұқаралық спортты дамыту, лотерея қызметін реттеу және ойын бизнесі саласындағы бақылау» деген 1.1-мақсатта:

«Адамдарды күн сайын дене шынықтыру-сауықтырумен айналысуға тарту» деген 1.1.1-міндетте:

«Қол жеткізу үшін ведомствоаралық өзара іс-қимылды талап ететін міндеттер көрсеткіштері» деген 1-бағанда:

реттік нөмірі 3-жолдағы «Жоспарланған» деген сөз «Өткізілген» деген сөзбен ауыстырылсын;

мына:

«1. Оқушылардың жалпы санынан білім беру ұйымдарындағы спорт секциялары қызметімен қамтылған орта білім беру ұйымдарындағы оқушылардың үлесі» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Оқушылардың жалпы санынан спорт секцияларында айналысатын орта білім беру ұйымдарындағы оқушылардың үлесі»;

мына:

«2. Оқушылардың жалпы санынан спорт секциялары қызметімен ЖОО-да оқитындардың қамтылуы» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Оқушылардың жалпы санынан спорт секцияларында айналысатын ЖОО-дағы оқитындардың үлесі»;

«Қазақстандық спорттың әлемдік спорт аренасында бәсекеге қабілеттілігін арттыру» деген 2-стратегиялық бағытта:

«Жоғары жетістіктер спортын дамыту» деген 2.1-мақсатта:

«Спорт түрлерінен мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру» деген 2.1.2-міндет және мына:

«

| | | |
|---|---|---|
| 1. Шетелде оқып жүрген жас спортшылардың саны | БҒМ | Шетелде оқып жүрген спортта дарынды балаларға жалпы орта білім алуға жәрдем көрсету |

»

деген жол алынып тасталсын;

«Тәуекелдерді басқару» деген 6-бөлімде:

мына:

«

| | | |
|---|---|---|
| Министрліктен білікті мамандардың кетуі | Агенттіктің кәсіптік мүмкіндіктерінің күрт төмендеуі және оның туризм мен спортты дамытудың негізгі міндеттерін орындауға қабілетсіздігі | Мыналар жөніндегі шараларды қамтамасыз ету:<br>(1) жұмыс күнінің ұзақтығын қалпына келтіру<br>(2) қызметкерлердің еңбекақысы деңгейін кәсіптік шеберлігіне қарай арттыру<br>(3) қызметтік мақсаттарда көлікпен қамтамасыз ету<br>(4) біліктілігін арттыру<br>(5) моральдық тұрғыдан ынталандыру |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| | Агенттіктің кәсіптік мүмкіндіктерінің күрт төмендеуі | Мыналар жөніндегі шараларды қамтамасыз ету:<br>(1) жұмыс күнінің ұзақтығын қалпына келтіру |

| | | |
|---|---|---|
| Агенттіктен білікті мамандардың кетуі | және оның дене шынықтыру мен спортты дамытудың негізгі міндеттерін орындауға қабілетсіздігі | (2) қызметкерлердің еңбекақысы деңгейін кәсіптік шеберлігіне қарай арттыру<br>(3) қызметтік мақсаттарда көлікпен қамтамасыз ету<br>(4) біліктілігін арттыру<br>(5) моральдық тұрғыдан ынталандыру |

»;

«Бюджеттік бағдарламалар» деген 7-бөлімде:

001 «Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру» деген бюджеттік бағдарламада:

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде мына:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. Әзірленген стратегиялық құжаттардың болжамды саны (заңдар, мемлекеттік бағдарламалар) | дана | 1 | 2 | | 1 | | | |
| 2. Әзірленген және енгізілген өзге де нормативтік-құ қықтық актілердің болжамды саны | бірлік | 10 | 1 | 3 | 3 | 3 | | |
| 3. Қаржы қызметі туралы есептердің болжамды саны | дана | 96 | 96 | | | | | |
| 4. Спорттық қызметпен айналысуға құқық беретін лицензиялардың болжамды саны | дана | 22 | 24 | | | | | |
| 5. Ойын бизнесі саласында қызметпен айналысуға құқық беретін лицензиялардың болжамды саны | дана | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | | |
| 6. Туристік қызметпен айналысу құқығына берілетін лицензиялардың болжамды саны | дана | 180 | 100 | | 100 | 100 | | |

»

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. Әзірленген стратегиялық құжаттардың саны ( заңдар, мемлекеттік бағдарламалар) | дана | 1 | 2 | | 1 | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2. Әзірленген және енгізілген өзге де нормативтік-құқықтық актілердің саны | бірлік | 10 | 1 | 3 | 3 | 3 | | |
| 3. Қаржы қызметі туралы есептердің саны | дана | 96 | 96 | | | | | |
| 4. Спорттық қызметпен айналысуға құқық беретін лицензиялардың саны | дана | 22 | 24 | | | | | |
| 5. Ойын бизнесі саласында қызметпен айналысуға құқық беретін лицензиялардың саны | дана | 10 | 10 | 10 | | | | |
| 6. Туристік қызметпен айналысу құқығына берілетін лицензиялардың саны | дана | 180 | 100 | | | | | |

»;

мына:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5. Ойын бизнесі саласында қызметпен айналысуға құқық беретін лицензиялардың болжамды саны | дана | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | | |

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5-1. Ойын бизнесі саласында жүргізілетін жоспарлы тексерулер саны | дана | | | | 10 | 10 | 10 | |

»;

түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде мына:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Агенттіктің түпкі нәтиже көрсеткіштеріне көзделген стратегиялық жоспарлау жүйесінің жақсаруы. Агенттіктің бюджеттік бағдарламасының сапалы және тиімді орындалуы. Агенттік қызметін қамтамасыз ету. | | | | | | | | |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Агенттіктің қызметін мемлекеттік қызметтер көрсету бөлігінде жақсарту | % | | | | 100 | 100 | 100 | |

»;

сапа көрсеткіштерінде мына:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Мемлекет Басшысының тапсырмаларын және Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігіне жүктелген функцияларды сапалы және уақтылы орындау. Спорт жүйесін басқару деңгейін арттыру | | Х | Х | Х | Х | Х | | |

»

деген жол алынып тасталсын;
тиімділік көрсеткіштерінде мына:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бір мемлекеттік қызметшіні ұстауға жұмсалатын орташа шығындар | мың теңге | 3 600 | 4 305 | 5 143 | 4 773 | 4 923 | | |
| бюджеттік шығыстар көлемі | мың теңге | 608 352 | 619 935 | 540 063 | 687 305 | 708 917 | | |

»

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бір мемлекеттік қызметшіні ұстауға жұмсалатын орташа шығындар | мың теңге | 3 600 | 4 305 | 5 143 | 5 408 | 5 594 | 5 792 | |
| бюджеттік шығыстар көлемі | мың теңге | 608 352 | 619 935 | 540 063 | 535 370 | 553 778 | 573 422 | |

»;

002 «Спорттағы дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу» деген бюджеттік бағдарламада:

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде мына:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Республикалық спорт мектептерінде, спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарда-колледждерде оқитындар саны | адам | 1 905 | 1 132 | 1 425 | 1 545 | 1 665 | | |
| Спорт мектептерінде, мектеп-интернаттарда-колледждердегі республикалық жарыстарға қатысатын оқушылар саны | адам | 200 | 240 | 1 105 | 1 205 | 1 215 | | |
| Спорт мектептерінде, мектеп-интернаттарда-колледждердегі халықаралық жарыстарға қатысатындар саны | адам | 170 | 220 | 348 | 399 | 439 | | |
| Стипендия алушылар саны | адам | | | 120 | 216 | 324 | | |
| Жеңілдетілген жолақы алушы оқушылар саны | адам | | | 120 | 240 | 360 | | |

»

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Спорт мектебінде және олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжд ерінде оқитындар саны | адам | 1 905 | 1 132 | 1 425 | 1 545 | 1 665 | 1 665 | |
| Спорт мектебіндегі және олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжд ердегі республикалық жарыстарға қатысатын оқушылар саны | адам | 200 | 240 | 1 105 | 1380 | 1480 | 1485 | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Спорт мектебінде және олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждердегі халықаралық жарыстарға қатысатын оқушылар саны | адам | 170 | 220 | 348 | 706 | 761 | 781 | |
| Стипендия алушылар саны | адам | | | 120 | 240 | 360 | 360 | |
| Жеңілдетілген жолда жүретін оқушылар саны | адам | | | 120 | 240 | 360 | 360 | |

»;

түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде мына:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жалпы түлектер санынан спорт шеберіне үміткер, спорт шебері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативтерін орындаған спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар түлектерінің үлесі | % | 18,8 | 19,1 | 19,4 | 19,7 | 20,0 | | |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жалпы түлектер санынан спорт шеберіне кандидат, спорт шебері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативтерін орындаған олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат- колледждері түлектерінің үлесі | % | 18,8 | 19,1 | 19,4 | 30 | 31 | 33 | |

»;

сапа көрсеткіштерінде мына:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жалпы бітірушілер санынан спорттық қызметті жалғастырушы колледж түлектерінің үлесі | % | | | | | | 98 | |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жалпы бітірушілер санынан спорттық қызметті жалғастырушы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері түлектерінің үлесі | % | | | | | | 91,5 | |

»;

тиімділік көрсеткіштерінде мына:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 білім алушы стипендиясының орташа мөлшері | мың теңге | | | 49 | 95 | 116 | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 білім алушы жеңілдікпен жолда жүруінің орташа мөлшері | мың теңге | | | 3 | 5 | 6 | | |
| спорт мектептерінде, мектеп-интернаттарда-колледждердегі бір оқушыны оқытуға жұмсалатын шығын құны | мың теңге | 861 | 1 534 | 1 440 | 1 466 | 1 418 | | |
| бюджеттік шығыстар көлемі | мың теңге | 1 641 022 | 1 736 146 | 2 058 745 | 2 286 813 | 2 401 113 | | |

»

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 білім алушы стипендиясының орташа мөлшері | мың теңге | | | 49 | 100 | 116 | 114 | |
| 1 білім алушының жеңілдікпен жолда жүруінің орташа мөлшері | мың теңге | | | 3 | 5 | 6 | 8 | |
| спорт мектебінде, мектеп-интернат-колледждерде бір білім алушыны оқытуға жұмсалатын шығын құны | мың теңге | 861 | 1 534 | 1 440 | 1 534 | 1 464 | 1 495 | |
| бюджеттік шығыстар көлемі | мың теңге | 1 641 022 | 1 736 146 | 2 058 745 | 2 394 800 | 2 482 382 | 2 542 502 | |

»;

003 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және оқитындарға әлеуметтік қолдау көрсету» деген бюджеттік бағдарламада:

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде мына:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Стипендия алушылар саны | адам | 208 | 182 | 216 | 216 | 216 | | |
| Жеңілдікпен жолда жүретін білім алушылар саны | адам | 238 | 238 | 238 | 238 | 238 | | |
| Республикалық мектеп-интернатында спорт колледжінде оқитындар саны | адам | 238 | 238 | 338 | 338 | 338 | | |
| Республикалық жарыстарға қатысатын спорт колледжі оқушылары саны | адам | | 60 | 130 | 130 | 130 | | |
| Халықаралық жарыстарға қатысатын спорт колледжінің оқушылары саны | адам | | 40 | 90 | 90 | 90 | | |

»

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Стипендия алушылардың орташа саны | адам | 208 | 182 | 216 | 205 | 205 | 205 | |
| Жеңілдікпен жолда жүретін білім алушылардың орташа жылдық саны | адам | 238 | 238 | 238 | 238 | 238 | 238 | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Республикалық спорт мектеп-интернат-колледжінде оқитындар саны | адам | 238 | 238 | 338 | 438 | 478 | 498 | |
| Республикалық жарыстарға қатысатын спорт колледжі оқушыларының саны | адам | | 60 | 130 | 105 | 115 | 125 | |
| Халықаралық жарыстарға қатысатын спорт колледжі оқушыларының саны | адам | | 40 | 90 | 260 | 265 | 270 | |

»;

түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде мына:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша даярланған орта білімді спортшылар саны | % | | | 100 | 100 | 100 | | |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша даярланған орта білімді спортшылар саны | % | | | 100 | 100 | 100 | 100 | |

»;

сапа көрсеткіштерінде мына:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Түлектердің жалпы санынан спорттық қызметті жалғастыратын мектеп-интернат және колледждер түлектерінің үлесі | % | 75 | 78 | 80 | 85 | 87 | | |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Түлектердің жалпы санынан спорттық қызметті жалғастыратын мектеп-интернат және колледждер түлектерінің үлесі | % | 75 | 78 | 80 | 85 | 87 | 90 | |

»;

тиімділік көрсеткіштерінде мына:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 білім алушы стипендиясының орташа мөлшері | мың теңге | 71 | 92 | 106 | 106 | 106 | | |
| 1 білім алушы жеңілдікпен жолда жүруінің орташа мөлшері | мың теңге | 5 | 5 | 6 | 6 | 6 | | |
| 1 білім алушының оқуына жұмсалатын шығынның орташа құны | мың теңге | 700 | 1 105 | 945 | 1 111 | 1173 | | |
| бюджеттік шығыстар көлемі | мың теңге | 182 463 | 281 047 | 343 616 | 399 753 | 420 679 | | |

»

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
